

БҰЙРЫҚ

Степногорск қаласы

03.08.2023

ПРИКАЗ

город Степногорск

№ 49/01-04

**Педагог және өндірістік оқыту шебері
лауазымдарына орналасуға конкурс
ұйымдастыру туралы**

ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22
қарашадағы № 432 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары
мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту
туралы» бірлескен бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 9-13 тамыз аралығында мектепаралық оқу-өндірістік
комбинатының сайтында (интернет-ресурс) және (немесе) әлеуметтік желілердің
ресми akkaунтында немесе мемлекеттік органның ақпараттық базасында бос
педагогикалық лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыру
жариялансын.

2. Конкурстық комиссия келесі құрамда құрылсын:

Кубрина С.В. – мектепаралық оқу-өндірістік комбинатының басшысы,
комиссия төрағасы;

Тулупова А.Н. – МОӨК басшысының ООІ жөніндегі орынбасары, комиссия
төрағасының орынбасары;

Бекмағамбетова Б.Е. – МОӨК мұғалімі, кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі;

Шаймерденова А.А. – Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі әдістемелік
кабинетінің басшысы (келесім бойынша), комиссия мүшесі;

Гетманец Е.С. – МОӨК қамқоршылық кеңесінің төрағасы, комиссия мүшесі;

Димова В.М. – МОӨК хатшысы, комиссия хатшысы.

3. Конкурста қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы
хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде, яғни 2023
жылғы 14-21 тамыз аралығында жүргізілсін.

4. Комиссия 2023 жылғы 22-26 тамыз аралығында кандидаттардың
құжаттарының Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларымен
бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізсін. Кандидаттардың
құжаттарын біліктілік талаптарына сәйкестікке қарау нәтижелері бойынша
конкурстық комиссия осы Қағидаларға II-қосымшаға сәйкес Бағалау парағында
кандидат көрсеткен балдарды есептеуді жүзеге асырады.

5. Бұйрықтың орындалуын бақылау басшының ООІ жөніндегі орынбасары
А.Н.Тулуповаға жүктелсін.

Басшының м. а.

И. Коломиец

